

Register your product and get support at
www.philips.com/welcome

Curler


HP4684

HP4683



KK Қолданушының нұсқасы

PHILIPS



Осы затты сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

1 Маңызды

Құралды қолданар алдында осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз және болашақта анықтама құралы ретінде пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

- **АБАЙЛАҢЫЗ:** Бұл құралды суға жақын пайдаланбаңыз.
- Құралды ваннада пайдаланған кезде оны пайдаланып болғаннан кейін токтан ажыратыңыз. Құрал ажыратулы болса да, оның суға жақын болуы қауіпті.
- **ЕСКЕРТУ:** Құралды суға жақын қолданбаңыз. Құралды ваннада, душта, бассейнде және басқа су бар жерлерде қолданбаңыз.
- Құралды қосар алдында онда көрсетілген кернеудің жергілікті берілетін кернеуге сәйкес келетіндігін тексеріңіз.
- Құралды нұсқаулықта көрсетілмеген басқа мақсаттарға пайдаланбаңыз.
- Құралды тек құрғақ шашқа пайдаланыңыз. Құралды жасанды шашқа пайдаланбаңыз.
- Құралдың ыстық беттерін теріңізден алшақ ұстаңыз.
- Құрал токқа қосулы тұрса, оны қадағалаусыз тастап кетпеңіз.
- Пайдаланып болғаннан соң құралды токтан суырыңыз.
- Құрал ыстық болғанда, оны тек ыстыққа төзімді бетке қойыңыз және құралдың бетін ешқашан сүлгімен немесе шүберекпен жаппаңыз.



- Басқа өндірушілер шығарған немесе Philips компаниясы нақты ұсынбаған керек-жарақтар мен бөлшектерді ешқашан пайдаланбаңыз. Егер осы керек-жарақтар мен бөлшектерді пайдалансаңыз, кепілдігіңіз күшін жояды.
- Сымды құралға орамаңыз.
- Құралды боялған шаштарға пайдаланғанда, шашты бұйралайтын қысқашта дақ пайда болуы мүмкін.
- Егер ток сымы зақымдалған болса, өзіңізге зиян тигізіп алмас үшін оны тек Philips, Philips әкімшілігі ұсынған қызмет орталығы немесе соған сәйкес білікті маман көмегімен алмастырыңыз.
- Олардың қауіпсіздігіне жауапты адам қажетті бақылау жасамаса немесе осы құралдарды қалай пайдалану керектігі жөнінде нұсқау бермеген болса, физикалық сезімталдығы төмен немесе ақыл-есі кем, сондай-ақ, тәжірибесі мен білімі жоқ адамдар (оның ішінде жас балалар да) бұл құралды пайдалануына болмайды.
- Балалардың құралмен ойнауына рұқсат бермеңіз.
- Қосымша қауіпсіздік үшін ваннаға кіргізілген электр желісіне тізбекті ток құралын (RCD) орнатуға кеңес беріледі. Осы RCD құралында мөлшерленген жұмыс жасайтын ток 30 миллиамперден аспауы тиіс. Орнатушыңыздан кеңес алыңыз.

Электромагниттік өрістер (EMF)

Бұл құрал электромагниттік өрістерге (EMF) қатысты барлық стандарттарға сәйкес келеді. Егер дұрыстап және осы пайдалану нұсқаулығына сәйкес етіп пайдаланылса, құралды пайдалану қазіргі ғылыми дәлелдер негізінде қауіпсіз болып табылады.

Қоршаған орта

Құралдың қызмет ету мерзімі біткенде күнделікті үй қоқысымен бірге тастамай, қайта өңдеуге алатын арнайы орынға өткізіңіз. Осылайша қоршаған ортаны қорғауға көмектесесіз.



2 Шашты бұйралау

Шашыңыздың түріне сәйкес келетін температура таңдалғандығын тексеріңіз.

Бұйралағышты алғаш қолданғанда әрдайым төменгі температурадан бастаңыз.

Шаш түрі	Температура параметрі
Қалың немесе ірі	Орташадан жоғары (170 °C және одан жоғары)
Жұқа немесе орта текстуралы	Төменнен орташаға дейін (160 °C және одан төмен)
Түссіз, ақ құба, түссіздірілген немесе боялған	Төмен (160 °C-дан төмен)

- 1 Ашаны розеткаға қосыңыз.
- 2 Құрылғыны іске қосу үшін (6) On/Off (Қосу/өшіру) қосқышын I қалпына жылжытып қосыңыз.
 - ↳ Стандартты температура параметрі көрсетіледі.
- 3 Шашқа сәйкес келетін температураны таңдау үшін (+) (7) немесе (a-) (8) түймесін басыңыз.
 - ↳ Түзеткіш табақшалар таңдалған температураға дейін қызғанда, «READY» (ДАЙЫН) (9) деген жазу шығады.
- Таңдалған температура параметрін белгілеу үшін (b) түймесін (8), (a-) белгішесі шыққанға дейін басып ұстап тұрыңыз.

- Құлыпты ашу үшін **Ⓜ** белгішесі кеткенше **Ⓜ** түймесін басып ұстап тұрыңыз.
- 4** Шашыңызды тарап кішірек бөліктерге бөліңіз.
- 5** Тетікті басып **(3)** қысқаш пен цилиндрдің арасына шаш бөлімін салыңыз **(2)**.
- 6** Тетікті орнықтырып цилиндрді шаштың шетіне дейін жылжытыңыз.
- 7** Бұйралағышты салқын шетінен **(1)** және сабынан **(4)** ұстап тұрып, шаш бөлімін шетінен түбіне дейін цилиндрге ораңыз.
- 8** Бұйралағышты ең көп қалыбында ұстаңыз. 10 секунд күтіңіз, одан кейін қысқашты қайта ашқанға дейін шаш бөлігін кері орап шығарыңыз.

Ескерту: Шаш бөлігін босатқанда бұйралағышты тартпаңыз, әйтпесе бұйраланған шашты тік етіп жібересіз.

- 9** Қалған шашты бұйралау үшін 5-дан 8-қадамға дейін қайталаңыз.

Пайдаланғаннан кейін:

- 1** Құрылғыны өшіріп, токтан суырыңыз.
- 2** Оны әбден суығанша ыстыққа төзімді бетке қойыңыз.
- 3** Құрылғыны және шаш бұйралағыш қысқашты дымқыл шүберекпен тазалаңыз.
- 4** Құрылғыны шаңы жоқ, құрғақ және қауіпсіз жерде сақтаңыз. Оны ілмегінен **(5)** іліп қоюыңызға да болады.

3 Кепілдік және қызмет.

Егер ақпарат алу керек болса немесе сізде шешілмеген мәселе болса, Philips компаниясының www.philips.com веб-торабына кіріңіз немесе еліңіздегі Philips тұтынушылар орталығына телефон (ол нөмірді дүние жүзі бойынша берілетін кепілдік кітапшасынан алуға болады) шалыңыз. Егер еліңізде Тұтынушыларды қолдау орталығы болмаса, онда жергілікті Philips компаниясының дилеріне барыңыз.



© Royal Philips Electronics N.V. 2009
All rights reserved.

Specifications are subject to change without notice.
Trademarks are the property of Koninklijke Philips
Electronics N.V. or their respective owners.

PDCC-2009
3140 035 20391

 100% recycled paper
100% papier recyclé